# Жүз нақты қадам. Ұлт дамуындағы дәрігер үлесі.



Дайындаған: Қарасаева Ш.А.
қатысқандар: 206 А Б “Жалпы медицина”



## ҰЛТ ЖОСПАРЫ - ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ ЖОЛ

2016 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН "5 ИНСТИТУТТЫҚ РЕФОРМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША 100 НАҚТЫ ҚАДАМ" - ҰЛТ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ. МЕМЛЕКЕТТІ, ЭКОНОМИКА МЕН ҚОҒАМДЫ ДАМЫТУ ҮШІН ҚАҒИДАТТЫ ЖАҢА ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН 59 ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ. БІЗГЕ ТАРИХЫМЫЗДАҒЫ БҰРЫН-СОҢДЫ БОЛМАҒАН АУҚЫМДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАҒА ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАҒАМДАУ МАҢЫЗДЫ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ, ОЛАР БІЗДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНЫМЫЗ - XXI ҒАСЫРДА КӨШБАСШЫ ОТЫЗ ҰЛТТЫҢ БІРІ БОЛУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІМІЗГЕ ЖОЛ АШАДЫ.



***ТӘУЕЛСІЗ  ЕЛ  ӨМІРІНІҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫН ҚАМТЫП, ЖАС МЕМЛЕКЕТТЕ ЖАҺАНДЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ЖАУАП БЕРЕ АЛАТЫН ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРА ОТЫРЫП, ДАМЫҒАН ЕЛДЕР ОТЫЗДЫҒЫНА КІРУДІ МЕЖЕЛЕГЕН ҰЛТ ЖОСПАРЫНДА ҚАЙ САЛАҒА БОЛСЫН ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕТІН ҚАДАМДАР БАР. СОНЫҢ ІШІНДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ – ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІН ТҮРЛІ АСПЕКТІЛЕР БОЙЫНША НЫҒАЙТУ1, 82 ҚАДАМДАРЫНДА РЕСПУБЛИКАДАҒЫ МЕДИЦИНА БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ҰЛТ ЖОСПАРЫНЫҢ 80, 8САЛАСЫН ЖАҢАРТУДЫҢ ЖАЙЫНА АЙРЫҚША НАЗАР АУДАРЫЛАДЫ.***




БОЛЬНИЦА СКОРОЙ
МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ
Altaynews.kz


D-HADM


medcar
ПЕРЕДВИЖНОЙ
ЦЕНТР ЗДОРОВЬЯ
МЕДИЦИНСКАЯ СЛУЖБА
Министерство здравоохранения
Калужской области

Елбасы айқындап берген «100 нақты қадам» еліміздің медицина саласын одан ары дамытуға оң әсер етпекші.

Аймақта медициналық қызмет сапасын арттырып, тұрғындардың өз денсаулығына деген жауапкершілігін күшейту көзделеді. Медицина саласын қамтыған маңызды үш қадамның ішінде де осы мәселелер айтылған. Ұлт жоспарында Мемлекет басшысы жекеменшік медициналық нысандарды дамытуды, сонымен қатар осы қызмет сапасын қадағалайтын бірлескен комиссия құруды тапсырды. Міндетті медициналық сақтандыру жайы да назардан тыс қалмақ емес.



- **80 -қадам. МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ЕНГІЗУ. Мемлекет, жұмыс беруші және азаматтың ынтымақтасқан жауапкершілігі қағидаты негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын күшейту. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) басымдықпен қаржыландыру. Бастапқы көмек аурудың алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық буынына айналады.**

- **81-қадам. ЖЕКЕМЕНШІК МЕДИЦИНАНЫ ДАМЫТУ, МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЕНГІЗУ. Бәсекелестік есебінен қызметтің қолжетімділігі мен сапасын көтеру мақсатында әлеуметтік медициналық сақтандыру жағдайындағы бастапқы медициналық әлеуметтік көмекті қаржыландыру – бәсеке есебінен медициналық ұйымдардың корпоративтік басқару қағидаттарына көшуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік медициналық ұйымдарды жекешелендіруді ынталандыру, мемлекеттік емес ұйымдар арқылы тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін беруді кеңейту.**

- **82 -қадам. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ҚАСЫНАН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ. Басты мақсат: медициналық қызмет көрсетудің алдыңғы қатарлы стандарттарын енгізу (емдеу хаттамалары, кадрлар әзірлеу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, сапаны және қолжетімділікті бақылау).**



- МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚАЖЕТ ПЕ?
- БАТЫС ЕЛДЕРІНДЕ КЕЗ-КЕЛГЕН АЗАМАТТА МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ БОЛСА, ҚАЗАҚСТАНДА ЕРІКТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ДАМЫМАҒАН. НЕГЕ САҚТАНДЫРУДЫҢ ОСЫ ТҮРІ КЕНЖЕЛЕП ОТЫР? МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫҢ ҚАНДАЙ ТҮРІ ТИІМДІ, ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ НЕМЕСЕ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ МА? ЖАЛПЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ? ҚАЗАҚСТАНҒА МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ДА ҚЫЗУ ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕН ЕДІ.

- ***Денсаулық сақтау жүйесі***
  - ***Мемлекет қаржыландыратын денсаулық сақтау жүйесі***
  - ***Міндетті сақтандыру жүйесі***
  - ***Ақылы медициналық жүйесі***

# Назарларыңызға рахмет!!!